

Бекітемін:
«Зайсан технология колледжі» КММ
директоры
Е.Т.Сейлханов
2020 жыл

**«Зайсан технология колледжі» КММ
оқуға қабылдау ережесі
2020-2021 оқу жылы**

«Зайсан технология колледжі» КММ оқытуға арналған қабылдау ережесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына» сәйкес жасалған.

1. Жалпы ережелер

1.1. «Зайсан технология колледжі» КММ оқуға қабылдау қағидасы техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына (бұдан әрі-Заң) сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру колледжінде оқуға қабылдаудың тәртібін белгілейді.

1.2. «Зайсан технология колледжі» КММ негізгі орта (жалпы орта), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

1.3 Білім беру ұйымына оқуға түсу кезінде Заңның 26-бабының 8 тармағына сәйкес айқындалған тұлғаларды оқуға қабылдауға квота көзделеді.

1.4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін түсу емтихандарын тапсыру нысанын білім беру ұйымдары белгілейді.

2. «Зайсан технология колледжі» КММ білім алуға қабылдау тәртібі

Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру мен түсушілік емтихандарды өткізу

2.1. Тұлғаларды оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін колледжде қабылдау комиссиясы құрылады, ол өз жұмысын 1 маусымнан кешіктірмей қабылдау комиссиясы құрылады, ол тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясының құрамына жергілікті өкілетті және атқарушы органдардан, жұмыс берушілердің қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының құрамынан оның мүшелерінің көп дауысымен төраға сайланады.

3. Білім беру ұйымдарында оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау

3.1. Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, өнер және мәдениет мамандықтары бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 шілдесі аралығында;

3.2 оқудың күндізгі нысанына – негізгі орта немесе жалпы орта білім туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып

іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 25 тамызы мен 31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

3.3. Оқуға түсушілер білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішіне білімі туралы құжаттың төлнұсқасын қоса бере отырып, "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 6697 нөмірімен тіркелген) № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы, "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 6697 нөмірімен тіркелген) № 088-У нысаны бойынша I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысын, 3x4 көлеміндегі 4 фотосуретін қоса береді.

- 1) шетелдік-шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға- азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын-босқынның куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға пана іздеушінің куәлігі;
- 5) оралман-оралман куәлігі.

Оқуға түсушілерден түскен өтініштер білім беру ұйымының тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

Кешенді тестілеу сертификатын (жоғары оқу орындарына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдар түлектері) немесе ҰБТ нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан бітірушілер) тұлғалар түсу емтихандарынан босатылады және осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес конкурсқа жіберіледі.

3.4. Түсу емтихандары орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша және:

- 1) негізгі жалпы білімі бар оқуға түсушілер, білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге арналған түсу емтихандары әңгімелесу нысанында өткізіледі. Түсу емтихандарын және әңгімелесуді өткізу кезеңінде аудио-бейнежазба жүргізіледі
- Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша жеке әңгімелесуді жүргізеді. Қабылдау комиссиясы әр оқуға түсушімен әңгімелесуді 20 минуттан артық жүргізбейді

- 2) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі.
- 3) Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесін қабылдау комиссиясының басшысы бекітеді.
- 4) Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және түсу емтихандары әңгімелесу нысанында өткен кезіндегі даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында білі беру ұйымында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық құрамына. Апелляциялық комиссия төрағасы, хатшысы және мүшелері кіреді. Тестілеу немесе пәндер бойынша түсу емтихандары әңгімелесу нысанында өткізіледі. Нәтижелерімен келіспеген тұлға шағым білдіруіне болады.

Апелляцияға өтініш тестілеу немесе түсу емтихандарының нәтижелері хабарлағаннан кейін апелляциялық комиссияға келесі күнгі сағат 13⁰⁰-ге дейін беріледі және бір тәулік ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

Апелляциялық комиссия шешімі комиссия құрамы тізіміндегі тұлғалардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы.

Комиссия жұмысы төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын хаттамасымен ресімделеді.

4. Білім алушылар құрамына қабылдау

4.1 «Зайсан технология колледжі» КММ білім алуға азаматтарды қабылдау конкурстық негізде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Конкурс: ҰБТ сертификаттарының баллдары негізінде; Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына түсу үшін кешенді тестілеу нысанды өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар баллдары негізінде; Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына түсу үшін кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар баллдары негізінде; пәндер бойынша немесе білім беру ұйымдары жүргізген тестілеу нысаны бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған баллдар (бағалар) негізінде жүргізіледі.

Қабылдау конкурсын өткізу кезінде ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттарында көрсетілген үш пәннің осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес баллдар соммасы ескеріледі. Конкурстың шарттары білім алу құқықтарын сақтауға кепілдік беруге және неғұрлым қабілетті және тиісті деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламаларын меңгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс. . Қабылдау комиссиялары оқуға түсушілерді қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты орта буын мамандарын даярлауды көздейтін оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлау - күнтізбелік жылдың 10 қыркүйегіне дейін, сырттай және кешкі оқу нысандарына күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін ақпараттық стенділерге немесе білім беру ұйымының интернет-ресурстарына жариялау арқылы оқуға түсушілердің назарына жеткізеді.

4.2 Қабылдау кезінде түсушілік емтихандарынсыз қабылданады:

- ерекше үлгідегі орта білім туралы аттестаты бар немесе мектепті өте жақсы бітіру туралы куәлігі бар азаматтар

Білім беру ұйымдарына қабылдауды қабылдау комиссиясы кәсіптер, мамандықтар бойынша жеке ашық отырыстарда жүргізеді.

№1 қосымша

Техникалық және кәсіптік білім берудің
кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге
асыратын «ЗТК» КММ білім алуға
қабылдау қағидасы

**Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарының
профилі бойынша жалпы білім пәндерінің
тізімі**

Техникалық және кәсіптік білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	Профильдік пәннің атауы:	
		Негізгі орта білім (негізгі жалпы)	Орта білім (орта жалпы)
1114000 Дәнекерлеу ісі			
1114042	Электр газымен дәнекерлеуші		+
1401000 Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану			
1401042	Сылақшы		+

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ТЖКБ жүйесінде мамандарды даярлау

Техникалық және кәсіптік білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	Профильдік пәннің атауы:	
		Негізгі орта білім (негізгі жалпы)	Орта білім (орта жалпы)
1504000 Ферма шаруашылығы (бейіндері бойынша)			
1504062	Ауыл шаруашылық өндірісіндегі тракторшы-машинисті	+	
1513000 Ветеринария			
1513032	Ветеринарлық санитар	+	

Оқу ісінің орынбасары:

А.С.Нүркенова